

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫ

16 наурыз 2022 жылғы

No: AIFC-C/SCC/2022/0006 ic

IZI CHAINA CORPORATE LIMITED LIABILITY COMPANY

Талап қоюшы

v

HANGZHOU AGNES TECHNOLOGY CO., LTD.

Жауапкер

Шешім

Сот Судьясы:

Судья Том Монтагю-Смит QC

БҰЙРЫҚ


1. **Талап қоюшының пайдасына талап бойынша шешім шығарылуы тиіс. Жауапкер Талап қоюшыға 2022 жылғы 30 наурызда Нұр-Сұлтан уақыты бойынша 18:00-ге дейін 158 480 АҚШ долларын төлеуі тиіс**

ШЕШІМ

1. Бұл талапта Талап қоюшы Жауапкерден 158 480 АҚШ долларын өтетуді сұрайды
2. Тараптар 2020 жылғы 15 ақпанда, 2020 жылғы 29 маусымда және 2020 жылғы 20 тамызда 5 шарт жасасты, оларға сәйкес Талап қоюшы теміржолмен жүк тасымалдауды қамтамасыз етуге келісті. Көрсетілетін қызметтер үшін келісілген жалпы сома 158 480 АҚШ долларын құрады. Әрбір жағдайда төлем 2020 жылғы 30 желтоқсанға дейін төленуі тиіс болды. Жауапкер төлем жасаған жоқ.
3. 2021 жылғы 1 қаңтарда Жауапкер Талап қоюшыға төлемнің мерзімінен кешіктірілгені үшін кешірім сұрап хат жолдады. Жауапкер төлем жасауды 2021 жылғы маусымға дейін кейінге қалдыруды сұрады.
4. 2021 жылғы 2 қаңтарда тараптар төлем күнін 2021 жылғы маусымға дейін кейінге қалдырып, 5 шарт жасасты. Сонымен бірге тараптар келісімдер бойынша кез келген дауларды айрықша юрисдикциясы бар АХҚО Сотына беруге уағдаласты
5. Кейін Жауапкер ешқандай төлем жасаған жоқ
6. Талап қоюшы 2022 жылғы 11 ақпанда осы талапты берді. Жауапкер жауапты 2022 жылғы 22 ақпанда берді. Жауапкер 158 480 АҚШ доллары мөлшерінде борышы бар екенін жоққа шығармайтынын мәлімдеді. Алайда ол коронавирус, іскерлік белсенділік пен төлемдердің қысқаруы және порттардағы кешігулер салдарынан төлемді жасай алмайтынын мәлімдеді.
7. Жауапкердің жауабы талапты мойындағанмен тең, 2022 жылғы 3 наурызда мен Жауапкерге төлем үшін уақыт беруді сұрайтын-сұрамайтынын нақтылауды және егер солай болса, бұл ұсынысты баяндауды және растайтын материалдарды беруді тапсырдым.
8. 2022 жылғы 10 наурызда Жауапкер өзінің алдыңғы жауабын қайталап және қаржылық есептілік бере алмайтын мәлімдеп жауап берді.
9. Бұл мән-жайларда мен мәлімделген сома бойынша Талап қоюшының пайдасына шешім шығарамын. Мен АХҚО соты Қағидаларының 24.15 қағидасына сәйкес төлем үшін 14 күнтізбелік күн беремін. Мен Жауапкерге төлем үшін қосымша уақыт беруден бас тартамын. Жауапкер тек өлемді 2022 жылдың аяғына дейін кейінге қалдыруды ұсынды, бұл өте ұзақ. Жауапкер өз

өтінішіне тіпті ешқандай түсіндірмелер немесе негіздемелер де берген жоқ.

АХҚО Ұсақ даулар соты қабылдады,



Том Монтагю-Смит QC,
Судья, АХҚО Ұсақ даулар соты



Өкілдік ету:

Талап қоюшы атынан «Лесников, Ильичёв және Серіктестер» басқарушы серіктесі Лесников Пётр Анатольевич болды.

Жауапкердің атынан атынан өкілдік етілген жоқ.